

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 837 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1125 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламада:

"Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері" деген 4-бөлімде:

"Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар" деген 4.5-кіші бөлімде:

екінші бөліктегі "Инфракос-Экос" ЕМК" деген сөздер "Ғарыш-Экология" ҒЗО" РМК" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 7-бөлімде:

"Ғарыш саласының шарттық, құқықтық және нормативтік-техникалық базасын құру" деген 6-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 6.10-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "ҰҒА, "Ғарыш-Экология" ҒЗО" РМК";

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"Инфракос-Экос" ЕМК" – "Инфракос-Экос" еншілес мемлекеттік кәсіпорыны" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғарыш-Экология" ҒЗО" РМК" – "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің "Ғарыш-Экология" ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК